

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2022)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/DIFL9621>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жуматаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Оралканова И. А.,

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ, ЭТНОПЕДАГОГИКА И
СРАВНИТЕЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА

FTAMP 14.09.95

<https://doi.org/10.48081/NUPK8989>***Л. М. Умралиева¹, М. Ж. Тәңірбергенов², Ә. Қ. Сабырова³,
С. А. Фейзулдаева⁴, Р. Х. Кошкимбаева⁵**^{1,2}М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

^{3,4}Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,

Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

⁵Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

**Б. СИМОВАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ
БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛІ
ӨНЕРГЕ БАУЛУ**

Бұл мақалада қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып келген, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға мұра болған, көшпенді елімізді әлемге ұлттық ерекшелімен танытқан өнер – қол өнері қарастырылған. Ұлттық дәстүрлі өнер болашақ педагогтарға маман ретінде жоғары кәсіби бағыттылыққа, жоғары деңгейдегі рухани және этнопедагогикалық мәдениеттілікке, қолданбалы өнердің халықтың өміріндегі ролі туралы түсініктерді қалыптастыру. Ата-бабаларымыздың, әжелеріміздің қалдырған мұрасын жеткізуші шебері Бибіажар Симованың жүнді көркем өңдеу шығармашылығының бірқатар дәстүрлі қырлары ашып көрсетілген. Жүннен картина жасау шығармашылығы бойынша екі жақтама жүн, жүнді өңдеп тоқу фактурасын композиция үшін пайдалану әдістері ашып көрсетілген. Картина бетіндегі бейнелерді шынайы өмірдегі көрініс бейне формасына ұқсастырып композиция құрау жолдары қарастырылған. Жүннің ұзындығына, толқынды бағыттарына, түстерінің сипатына қарай, композиция құрамдау жолдары анықталған. Тері бетіндегі туылғаннан жаратылған табиғи бейне пішіндері көріністерінің өмірдегі форма көріністерімен

ұқсастықтарын ұтымды пайдаланып туынды идеясын ашқан. Теріден жасалған паннолардың көркемдік ерекшеліктеріне концептуалдық, нарратологиялық талдаулар жасалған. Бұл іс-әрекеттер суретші-шебер шығармашылығының жоғары деңгейін көрсететін өлшем – заманауи технологиялық жаңашылдық пен ұлттық мәдениет құндылықтары арқылы рухани жаңғыру идеясының бірлігін көрсетеді.

Кілтті сөздер: ұлттық мұра, дәстүрлі өнер, тоқыма өнері, сәндік қол өнері, фактура, түс, ою-өрнектер, сәндік безендіру.

Кіріспе

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, жөндеуіміз керек» деп бағытымызды айқындап берген болатын. Мәдениетімізде, ата тарихымызда қазақ бейнелеу өнеріндегі шығармашылық туындыларда дәстүрімізді, мәдениетімізді, ұлттық мұраларымызды дәріптейтін бағыттары көп емес пе?! [1].

Ұлттық дәстүрлі қол өнерінің дамуының бір қыры бейнелеудің жаңа технологияларының пайда болуымен байланысты. Сәндік қол өнеріне бір жаңа технология келіп жатса, мұның алдындағы өнерге келген технологиялар дәстүрге айнала береді. Сәндік қол өнерінде дәстүр мен жаңашылдық бірін-бірі қайталап келіп жатады. Шығармашылық қызмет – бейнелеу нәтижесінде жаңашылдық элементтердің міндетті түрде болуымен сипатталатын өнердегі құбылыс [2].

Бибіажар Симованың шығармашылығы өзіндік жаңа сипатымен танылатын өлшем бейнелеудегі жүнді көркем өңдеу, қазіргі кезде суреткер шығармаларының даралығы, тұтастығын бөліп-бөліп қарастырып, тоқу арқылы туындыны станоктық картина деңгейіне көтеру іс-әрекеті, өнер нысаны ретінде зерттелген емес. Бибіажар Симованың шығармашылығындағы басты ерекшелік – суреткердің үнемі белсенді ұлттық нақыштағы ізденісімен сипатталады. Олар дәстүрлі қол өнерінде жаңа шығармашылық технология табуға ұмтылыс, көркем образ сомдауда материал фактурасын композиция ұтымдылығымен біріктіру, клем түстерінің қасиеттерін композиция құрамымен ұштастыру арқылы жүзеге асырылады [3].

Суретші Б. Симова gobelen шығармашылығымен Ұлы дала еліне танымал болғанмен, жүнді көркем өңдеу арқылы оны станоктық картина деңгейіне дейін көтеру еңбегін көпшілік қауым қазіргі кездегі жаңашылдық ретінде біле бермейді. Бұл жағдай автор шығармашылығындағы жүнді көркем өңдеу, композиция мүмкіндіктерімен идеяны ашу, түстік шешім

табу қызметтерін көркем шығарма жасау кезеңдерін зерттеу пәні ретінде қарау қажеттігін көрсетті [4].

Қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып келген, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға мұра болған, көшпенді елімізді әлемге ұлттық ерекшелімен танытқан өнер – қол өнері.

Халықтық тұрмыс салтымызбен тығыз байланысты және материалдық мүліктерімізбен қатарласып келе жатқан өнер. Қол өнерінің орны биіктен көрінеді, әлеуметтік сана-сезімінің болмыс тіршілігінің жанданып, мәдениетінің өсіп, тұрмыс жағдайларының жақсаруына әсерін тигізеді [5].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мәселесі бойынша философиялық, өнертану, психологиялық, педагогикалық, технологиялық әдебиеттерге теориялық талдау жасалды. Педагогтардың озық тәжірибелеріне талдау, бақылау, сауалнама жүргізу, әңгімелесу; педагогикалық эксперимент, мәліметтерді математикалық тұрғыдан өңдеу жүргізілді.

Б. Симованың шығармашылығы арқылы болашақ педагогтерді ұлттық дәстүрлі өнерге баулу арқылы ұлттық өнер құндылықтарын толыққанды етіп білімгерлерге таныстыруға мүмкіндік беретін педагогикалық іс-әрекет – ол оқыту мен технология әдісі. Бұл әдіс – ұлттық құндылықтар дәстүрлі өнер болып табылатын құнды тарихи жәдігерлеріміз, ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде берілген қолөнерлердің жасалу әдіс тәсілдерін көрсетуге болатын мүмкіндік қалыптастыру. Зерттеу әдісі барысында 6B01404 – Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау мамандығының білімгерлеріне бақылау, сауалнама, әңгімелесу әдістері жүргізілді. Нақтылай келе, сабақ барысында жүргізілген сауалнама оң нәтиже көрсетті, себебі зерттеу барысында білімгерлерді ұлттық дәстүрлі өнер, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, көне тарихи ескерткіштер тақырыптарында лекция, семинар сабақтары өткізілді.

Қазақ қол өнерін басқа елдерге таныта білген және қол өнерін жоғары бағалап, талдаулар жасаған этнограф, тарихшы, өнертанушы ғалымдарымыз Ш. Уалиханов, Ә. Марғұлан, Х. Арғымбаев, С. Қасиманов, М. Мұханов, Ө. Жәнібеков, Т. К. Бәсеновтерді айтуға болады. Сонымен қатар, қазақ халқының қол өнерін дамытып, оны әлемдік деңгейге шығарып, өшпес мұра етіп қалдырған шеберлер: Зайсан жағасы, шығыс қазақстандық ертұрман шебері Н. Карибаев, жетісулық ұста, зергер Ж. Тараубайұлы, Ертіс өңірі, Баянауыл, Қарқаралы зергері Қ. Байпақұлы, Ө. Есалин, М. Байжанов, Қ. Байжанов, Жезқазған, Ұлытаулық танымал зергер Д. Садықов, Б. Алтайков, Торғайлық ұста Ж. Жұмабаев, Семей өңірінен әйгілі күйші, ерші атанған Ө. Жақыпұлын айтуға болады [7].

Кенес өкіметінің ықпалына қарамай, өнерді дамытып, іскерлігімен дәріптеп келе жатқан бүгінгі жастардың ұстазы Д. Шоқпарұлы.

Ал қазіргі таңда апалардан сабақтастық алған дәстүрді жалғастырушы кілем тоқымашы С. Бапанова, колөнер шебері Б. Симова, текемет басу жаңа технологиясымен шығармашылық жұмыс істем жүрген қол өнер шеберлері Г. Жолдасбекова, М., К. Бейісбекова т.б [5].

Халықтың дәстүрін, байлығын сақтап, қазіргі жастарға жеткізу, олардың бойына мәдениетті сіңіру басты міндетіміздің бірі. Бұл орайда, халықтың тарихын, ұлттық өнерін, мәдениетін, тілін, дастанын, оқып білу қажет [6].

Суретші Бибиажар Симованың соңғы кездегі шығармашылығына тән жаңашылдық – малдың жүнін өнер материалы ретінде, бейнелеу мүмкіндігі ретінде қолдану. Суретшінің жиі қолданатын материалы – қойдың жүні. Түктердің өсімділігі, ұзындығы мен қысқалығы дәстүрлі композицияны құрамдайтын сызықтар мен формалардың рөлін атқаруымен ерекшеленеді. Композициясы сәндік өнерге тән болмысымен, симметриялық құрылымдауға жақындығымен байқалады.

Суретші композиция пішіндерін шығарма идеясына сай ұйымдастырады. Жүннің табиғи түсі мен сызықтарының бағыттары мен жіңішке, жуандығы табиғаттағы формалармен сәйкес келуін, ұтымды пайдаланады. Суретші туындысын жарыққа шығарудағы ең көп қолданатын әрекет – сәндік безендіру әдісі. Шығармаларда зат пен құбылыстарды жинақтау, форма бөлшектерін теңеу, ойды пішіндермен символдау, өрнектерді стилдеу әдістері кең көлемде көрініс табады. Суретші картиналарына тән кіші сценалар: дала табиғаты, ел тарихы, адамның жан дүниесі. Ұлы дала шебері көркемдік бейнелеу дәстүрін визуальдық өнер технологиясымен, заманауи талғаммен талаптармен ұштастырады. Суретші өз шығармашылығында теріні көркем өңдеу өнерін жаңа тәсілдермен дамытып, жаңа композициялық колориттік шешімдермен үнемі толықтырады [10].

Суретші шығармашылығындағы басты бағыт – туынды идеясын ашу барысында жүн материалының табиғи фактурасын барынша ұтымды пайдалану. Суретшінің тақырып таңдаудағы ұстанымдары – бабалар дәстүрі, ұлы дала, табиғат құбылыстары, адамдардың жан дүниесі, бейнелеудің ақпараттық қызметтік сипаты. Суретшінің ең маңызды ұстанымы – көрерменге өзінің жасаған көркем бейнелері арқылы жаңа ақпарат жеткізу, бейнелер арқылы танымдық тәрбиелік ықпал ету. Әрбір образдың мәнін фон мен фигура арқылы күшейту, идеялық ой салмағын түстер үйлесімділігі арқылы арттыру [8].

Шебер Бибиажар Симова жүнді көркем өңдеп, станоктық панно жасау технологиясын көрсететін екі өлшем ұстаным ретінде қолданыс тауып

отырады. Бірінші өлшем – суретшінің жүнді көркем өңдеу технологиясы ішіндегі дара ерекшелігімен көрінетіні – екі жақтама текемет. Өзінің аты айтып тұрғандай екі жағынан көруге болатын туынды. Шебердің шығармашылығындағы екінші өлшем – жүннің фактурасын көркемдік элемент ретінде қолдану. Жүннің фактурасы – текемет бетінің тегістігі мен олардың бейнелеушілік мүмкіндіктері. Жүннің қасиеті – өңделуі нәтижесінде көрінеді. Жүннің өңделгеннен кейінгі нәтижелері: түсі, жұмсақтығы, бетіндегі өрнектері, бейнелері, сызықтары, дақтары, жалпы безендірілуі формаларының композиция заңдылығына сай қолданылуы болып сипатталады. Суретшінің жүнді көркем өңдеу шеберлігінің бір өлшемі жүнді табиғи қасиеттерін композиция құрастыру үдерісінде ұтымды пайдаланғанынан көруге болады. Суретші шеберлігінің бір қыры – текемет бетіндегі әрбір сызықты, пішінді, бояу түсін, шығарма композициясына сай көркемдік өңдеуден өткізіп, сол көркемдік элементтерді шығарма идеясына бағындыруы. Суретшінің текемет бетіндегі табиғи жаратылыс бейнелеріне, пішіндер сипатына қарап композиция құрамдауы, суретшінің қиялының ғажайыптылығы мен ұшқырлығын көрсетеді [10].

Нәтижелер және талқылау

Бұл бөлімде сұхбаттың жартылай құрылымдық түріндегі сұрақтар туралы ақпарат берілген. 1-кестеде зерттеуге қатысқан білімгерлердің жалпы колөнерге қызығушылығы (жынысы және білімділігі) көрсетілген.

Кесте 1 – Білім алушылардың жынысы мен Ұлттық дәстүрлі өнер қызығушылығы бойынша бөлу

Білімгерлердің жас аралықтары	Жынысы		Жалпы жиыны
	(Қыздар)	(Ұлдар)	
16-17 жас	-	1	1
19-20 жас	3	6	9
21-22 жас	9	4	13
16 жас және одан жоғары	2	-	2
Барлығы	14	11	25

1-кестеде зерттеу барысында зерттеуге өз еркімен қатысқан 25 білімгердің 14-і қыздар, ал 11-і ұлдар екендігі анықталды. Зерттеуге қатысқан білімгерлердің басым көпшілігі студенттер.

Кесте 2 – білімгерлердің колөнерді қабылдауы туралы мәліметтер

Сұрақтар	ия		жоқ	
1. Көркем шығармашылықты қалай түсінесіз?	2	8	23	76
2. Ұлттық дәстүрлі өнер түрлері?	6	24	19	88
3. Ұлттық құндылықтардың түрлері қандай?	25	00	-	-
	3	12	22	99

Эксперименттік оқыту нәтижелері: Ұлттық дәстүрлі өнерге деген білімгердің оң көзқарасының болуымен, білімгерлердің көркемдік шығарманы талдау мен жіктеу білімдерін меңгергендігімен; мәдени құндылықтарды ұлттық тәрбие үшін қолдану дағдыларының болуымен сипатталады [5].

Зерттеудің соңғы кезеңінде ұлттық дәстүрлі өнерге деген білімгердің оң көзқарасының болуымен, білімгерлердің көркемдік шығарманы талдау мен жіктеу білімдерін меңгергендігімен; мәдени құндылықтарды ұлттық тәрбие үшін қолдану дағдыларының қалыптасуын білу мақсатында білімгерлерге: көркем шығармашылықты қалай түсінеміз? Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Ұлттық дәстүрлі өнер түрлері? Көркемдік шығармашылық нысанын талдау өлшемдері қандай? деген сұрақтар берілді. Сұрақ-жауап бойынша талдау нәтижесінде бірқатар оң өзгерістер орын алды: Көркем шығармашылық дегенді қалай түсінесіз? Ұлттық құндылықтарды қалай түсінесіз? Ұлттық құндылықтардың түрлері қандай? – деген сұраққа дұрыс жауап бергендер саны сұралғандардың ішінен 76 %-ы көркем шығармашылық туралы түсініктерін айтты. Білімгерлердің 88 %-ы ұлттық дәстүрлі өнер түрлеріне қызығушылықтарын білдіретінін айтты. Барлық білімгерлер сәндік колөнер сабақтарында ұлттық құндылықтардың түрлерін, бағыттарын үйренуге ниет білдірді. Сонымен қатар, білімгерлердің 99 %-ы ұлттық дәстүрлі өнерге деген білімдерін жеткіліксіз деп санайтындықтарын айтты. Нәтижелер бағаланған кезде колөнер бұйымдарын қолдануға ниетті екендігі байқалды [6].

Атап айтқанда кілем тоқу өнеріндегі композициясының негізгі және қосалқы элементтерінің ұлттық нақыштағы ою-өрнекті елестететін пішіндер жиынтығына құрылуы, форма мен композицияның станоктық сипатына басымдық берілуі – туындының ою-өрнектілік безендірушілік сипатын күшейткен. Жүннен жасалған клем панноларындағы пішіндердің конструкциясы, түстік шешімдер, фон мен фигура катынастарын бейнелеу үдерісіндегі безендіру элементтерінің тартымдылығы, формалардың ықшамдалып берілуі, өрнектермен сипатталуы – суретшінің сәндік бейнелеу стиліне басымдық бергенін аңғартады.

Қол өнері шебері Бибіажар Симованың соңғы кездегі шығармаларының барлығы дерлік – жүнді өндеп тоқылған паннолар жүйесін құрайды.

Шебердің тоқу технологиясымен орындалған жұмыстары – пластикалық-реңктік шешімдердің суырыпсалмалыққа негізделген, композицияның ішкі ойына, сезімге, эмоциялық күйге, автор талғауына бағытталған үлкен өрнектану деңгейінде қолданыс тапқан. Табиғаттағы көріністер формаларының көру арқылы қабылданатын конструкциясы ою-өрнектермен сипатталған. Картинадағы өрнектанушылық барлық композицияның сәндік негізі, жұмыстың пластикалық концепциясы, эстетикалық-көркемдік құндылықтық бір тұтастыққа жинақталып қол өнер шебері Б. Симова шығармаларының көркемдік мазмұны болып анықталады [9].

Суретші Бибіажар Симованың жүнді көркем өңдеу шығармашылығы жайлы бірқатар өнер адамдары бағалы пікірлер айтқан. Кезінде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін қалаушы Ғани Ильяев ауылдағы қолөнершілердің жасаған бұйымдарымен таныса келе, Бибіажар апаның үйіне келіп, ішіндегі қолөнері бұйымдарына таңдана келе, апасымен қызына үлкен алғысын білдіріп, іздегенім алдымнан шықты деп, бұл бұйымдарда нағыз қазақ халқының ұлттық өнерін, салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын, көріп тұрғанын айтып Бибіажардың бойына біткен өнерді жалғастыруға ұсыныс жасаған.

Бойындағы өнерімен тамсандырып келген Бибіажар Симова жоғарғы оқу онына барғанша 26-түкті кілем тоқыған. Ине қол өнердің түрлерімен ғана айналыспай, киім де тігумен айналысқан. Алғашқы ұстазы Ғани Ильяевтың шығармаларынан шабыт алып әрі қарай шығармашылыққа жеттелегенін үнемі айтып отырады.

Қазақ гобілен өнерінің негізін қалаушы кәсіпқой суретші Батырбек Өтепов «Өнердің ең үлкен өлшемі суреткердің өз туған еліне деген махаббатымен өлшенеді» деп айтып, Бибіажар Симованың шығармашылығын жоғары бағалаған. Кейіннен шеберге Қазақстанның ұлттық құндылықтарын дамытып дәстүрлі өнерді сақтап, дәріптеуінде еткен, еңбегі үшін қол өнерінің «ХАС ШЕБЕР» медалімен марапатталған [10].

Мемлекет және қоғам қайраткері Сайлауқұл Барақованың естелігінде Қазақтың қарапайым ғана, үнемі күлімсіреп жүретін, бойындағы сан қырлы өнерін көп адам байқай бермейтін Бибіажар мен үшін өте қымбат жан. Ата-баба мұрасын асқақтатып, халықымыздың дәстүр-салтын бойына толық сіңірген екі адам болса бірі Бибіажар дер едім. Бойына дарыған өнерді тұншықтырмай «Білмегенді көріп үйрен, білгенінді басқаға үйрет» деген нақылды мықтап ұстанып әлі күнге дейін үйреніп, білгенін басқаларға үйретіп жүргенін көріп қуанамын деп жазады [8].

Қазақстан, Қырғызстан республикаларының Мәдениет қайраткері Нұрлан Шилібаев естелігінде халықымыздың ежелден келе жатқан керемет қасиетті дәстүрді шебер ата-бабаларымыздың, әжелеріміздің қалдырған мұрасын жеткізуші талантты шеберіміз – Бибіажар Иманбекқызы Симова деп көрсеткен.

Сонау студенттік өмірін бірге өткізген құрдасы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Лесхан Сманов естелігінде: «Бибіажардың шығармашылық өнерінің белгілі жоғары сатыға көтерілуіне 1974 жылдардағы «Халық шеберлерінің шығармашылығы», «Сәндік қолданбалы өнерді дамыту» атты бүкіл Одақтық шығармашылық көрмесі екенін еске алады. –

Мен алты жастан үйренген өнерімді алпыс жасқа келгенше үзген жоқпын, үнемі жалғастырып отырдым... Қай уақытта шаршаймын не болмаса қиялыма жақсы ой келгенде отыра қалып кесте, тігін тігемін, тоқыма тоқимын. Сол кезде бар шаршағаным басылып, дем аламын. Өйткені бұл өнер деген адамға күш қуат береді, кеңес береді, сабырлыққа апарады, мына қызығушылық барлық ойынды сол өнерге қарай жалғасып керемет құлшыныс пайда болатынын жүрегім сезеді деп Бибіажар апайымыз үнемі айтады [5].

Шебердің әрбір композициялық орталықта орналасқан фигурасы ұрпақтар сабақтастығын білдіретін негізгі композициялық элементті құрайды. Олар ата, әке, бала, әже, ене, келін көріністерінің символдық белгілері. Шығарма колориті жылы түрлі-түсті сипатты қауымдастырған. Колорит – қазақтың сары даласын елестетеді. Шығармадағы ерекше белгі – жүннің түгі мен түстерінің шығарма композициясындағы формалар түсімен идеялық ойды айтудағы суретшінің ұтымды шеберлігімен ерекшеленеді. Шығармаларында символдық көріністер: бабалар көші қонған жер, табиғат, аталар аманаты болған жер, береке бірлік – отбасы тұтас образды қарастырған.

Қазақстан дамып келе жатыр, колөнерді де өзіміз қолға алатын шығармыз. Жеке-жеке әр қазақ мен сияқты үйінде шеберхана ашып ала бермейді. Бір адам істеген жұмыстың көлемі түк те болмайды. Мемлекет жүн иіретін фабрика немесе цех ашып, осы саланы қолға алып, дамытса жақсы болар еді [3].

Қорытынды

Қол өнер шебері Бибіажар Симованың жүнді көркемдік өңдеу технологиясын дамыту, шығарма идеясы, композициясы, колориті мен орындау технологиясы бойынша талдау жасау нәтижесінде мынандай тұжырымға келуге болады: суретші үнемі жаңашылдықпен дәстүрлі

өнерді іздеу үстінде, тоқу технология үстінде көрінеді; жүнді көркем өңдеу технологиясын меңгеруді станоктық картина деңгейіне дейін дәріптеген шығармашылық тұлға. Паннолардағы жылы түстерге құрылған шығарма колориті – еліміздегі сары арқаны, сары белдерді елестетеді. Шығарма композициясында айқын симметриялық орталықтың көрініс табуы мен шығарма композициясының құрылымдық жүйесінің туынды идеясына қатаң түрде бағынуы, паннолардағы ою-өрнектілікті, сәндік безендірушілікті көрсетеді.

Бейнелеу өнеріндегі жаңашылдығымен сипатталатын жүн түгінің түстері – Ұлы дала өнерінде көркемдік элемент ретінде қолданыс тапқан. Шебер Симова жүнді көркем өңдеу арқылы идеялық ой айтқан, шығармашылық даралық сипаты бар композиция құрастырған, табиғи жүн материалдарын ұтымды қолдану арқылы түстік шешім шығарған, жүнді шығарма идеясына сай бояу техникасын таңдаған. Қол өнер шебері жүннен тоқу композициясын жасау арқылы өткен дәуір тынысын білдіретін ауқымды идеялық ойды көрерменге жеткізе білген, оны дамыта отырып, белгілі бір дәуір тынысын суреттейтін образ деңгейіне дейін көтерген кәсіби қабилет ауқымы кең шебер. Бұл іс-әрекеттер суретші-шебер шығармашылығының жоғары деңгейін көрсететін өлшем – заманауи технологиялық жаңашылдық пен ұлттық мәдениет құндылықтары арқылы рухани жаңғыру идеясының бірлігін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. [Электронный ресурс]. – https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti. – Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар

2 **Ералин, Қ. Е.** Бейнелеу өнеріндегі Абай образы: / А. Ясауи атын. ХҚТУ Археология және өнер журналы. [Электронный ресурс]. – <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/2346830>. –Түркология (6) 2020. – 136–149 б.

3 **Ералин, Қ. Е.** Этнодизайн. Оқу құралы. [<https://ayu.edu.kz/>]Түркістан : А. Ясауи атын. ХҚТУ, 2014. – 2003 б.

4 **Кемешов, Д. А.** Ұлы дала философиясы: Монография. [Электронный ресурс]. – <https://www.kaznu.kz/content/pdf>. – Шымкент : ОҚМПИ, 2018. – 215 б.

5 **Байжигитов, Б. К.** Өнер тарихы мен теориясы. [Электронный ресурс]. – <https://kaznpu.kz.docs/postupaushim11/spec/6D010700kaz.pdf> – Алматы : Алму, 1999. – 224 б.

6 **Амиргазин, Қ. Ж.** Қазақ қол өнері: Темір. [Электронный ресурс]. – <https://cyberleninka.ru/article/n/znachenie-semantic-ornamentov.pdf>. – Алматы: Сорос Казахстан, 1994. – 120 б.

7 **Ералин, Қ. Е.** Суретші Айнабек Оспановтың шығармашылығындағы концептуальдық стиль А.Ясауи университетінің Хабаршысы: №2 (108) сәуір-маусым. [Электронный ресурс]. – <http://mebrk.kz/journals/6812/9281.pdf>. – Түркістан, 2018. – 132–141 б.

8 **Ералин, Қ. Е.** Графика шебері Батухан Байменнің шығармашылығы// Түркология журналы. А.Ясауи университетінің Хабаршысы: №1(75) қаңтар-ақпан. [Электронный ресурс]. – <http://mebrk.kz/journals/6812/9281.pdf>. – Түркістан, 2016. – 131–140 б.

9 **Танирбергенов, М. Ж., Медведев, Л. Г., Умралиева, Л. М.** Ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтары, Оқу құралы. – Шымкент, 2020. – 122 б.

10 **Танирбергенов, М. Ж., Умралиева, Л. М.** Қазақстан қолөнері шеберлерінің шығармашылығы: оқу құралы. – Шымкент, 2021. – 89 б.

REFERENCES

1 President Of The Republic Of Kazakhstan N. A. Nazarbayev [Address to the people of Kazakhstan] [Text]. [Electronic resource]. – <https://www.akorda.kz>. – Astana, January, 2014. – N-17.

2 **Yeralin, K. E.** Beineleý ónerindegi Abai beinesi:[The image of Abai in the Visual Arts:] [Text]. – A. Yasavi MKTU Journal of Archaeology and art - Turkology (6) – 2020. – P. 136–149.

3 **Yeralin, K. E.** Etnomedisina. Oqý quraly. [Etnomedisina. Training manual] [Text]. – Turkestan : MKTU named after A. Yasavi, 2014. – 2003 p.

4 **Kemeshov, D. A.** Uly Dala Filosofiasy [Philosophy Of The Great Steppe] [Text]. – Shymkent : SKSPI, 2018. – 215 p.

5 **Baizhigitov, B. K.** Tarih jáne óner teoriasy [History and theory of Art] [Text]. – Almaty : Almu, 1999. – 224 p.

6 **Amirgazin, K. Zh.** Qazaq qolóneri: Temir [Kazakh crafts Iron][Text]. - Almaty : Soros Kazakhstan, 1994, – 120 p.

7 **Yeralin, K. E.** Avtor: Ainabek Ospanov shyǵarmashylyqtaǵy konseptýaldy stil. [By The Artist Ainabek Ospanov/conceptual style in creativity Bulletin of] [Text]. – A. Yasavi University: No.2 (108) April-June. – Turkestan, 2018. – P. 132–141.

8 **Yeralin, K. E.** Grafika sheberi Batý han Baimen shyǵarmashylyǵy [Master of graphics Batukhan Baimen creativity] [Text]. – Journal of Turkology. – Turkestan, 2016. – P. 131–140.

9 **Tanirbergenov, M. Zh., Medvedev, L. G., Umralieva, L. M.** Ulttyq kórkem shyǵarmashylyqtyń mádeni qundylyqtary oqý quraly [Cultural values of national artistic creativity textbook] [Text]. – Shymkent, 2020. – 122 p.

10 **Tanirbergenov, M. Zh., Umralieva, L. M.** Qazaqstannyń Qolóneri Sheberlerdiń shyǵarmashylyǵy boıynsha oqý quraly. [Crafts of Kazakhstan Manual of creativity of Masters] [Text]. – Shymkent, 2021. – 89 p.

Материал 14.09.22 баспаға түсті.

**Л. М. Умралиева¹, М. Ж. Танирбергенов², А. К. Сабырова³, С. А. Фейзулдаева⁴, Р. Х. Кошкимбаева⁵*

^{1,2}Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова,
Республика Казахстан, г. Шымкент;

^{3,4}Жетысуский университет имени Жансугурова,
Республика Казахстан, г. Талдыкорган;

⁵Павлодарский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 14.09.22.

ПРИБЛИЖЕНИЕ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ К НАЦИОНАЛЬНОМУ ТРАДИЦИОННОМУ ИСКУССТВУ ЧЕРЕЗ ТВОРЧЕСТВО Б. СИМОВОЙ

В данной статье рассматривается искусство рукоделия, являющееся бессмертным наследием казахского народа с древнейших времен, передаваемое из поколения в поколение, от отца к ребенку, отражающее национальную самобытность кочевой страны в мире.

Формирование у будущих педагогов представлений о высокой профессиональной направленности как специалиста национального традиционного искусства, высокой духовной и этнопедагогической культуре, роли прикладного искусства в жизни народа.

Раскрыт ряд традиционных граней художественного творчества мастера Бибиазжар Симовой, передающего наследие наших предков, бабушек и дедушек. Раскрыты приемы использования для композиции фактуры двухсторонней шерсти, шерстяного переплетения по творчеству создания картины из шерсти. Рассмотрены способы

создания композиции с изображением лица картины, напоминающей форму изображения в реальной жизни. В зависимости от длины шерсти, направления волнистости, характера окраса, определены способы композиции. Рационально воспользовавшись сходством проявлений естественных образных форм на поверхности кожи с проявлениями формы в жизни, он открыл идею творения. Сделан концептуальный, нарратологический анализ художественных особенностей панно из кожи. Эти действия отражают единство идеи духовного возрождения через измерение высокого уровня творчества художника-мастера-современного технологического новшества и ценностей национальной культуры.

Ключевые слова: национальное наследие, традиционное искусство, текстильное искусство, декоративные ремесла, фактура и цвет, орнаменты, декоративный декор.

**L. M. Umralieva¹, M. Zh. Tanirbergenov², A. K. Sabyrova³, S. A. Feyzuldaeva⁴, R. Kh. Koshkimbaeva⁵*

^{1,2}M. Auezov South Kazakhstan University,
Republic of Kazakhstan, Shymkent;

^{3,4}Zhetysu University named after Zhansugurova,
Republic of Kazakhstan, Taldykorgan;

⁵Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 14.09.22.

ACCESSING FUTURE TEACHERS TO NATIONAL TRADITIONAL ART THROUGH B. SIMOVA'S CREATIVITY

This article examines the art of needlework, which is the immortal heritage of the Kazakh people since ancient times, passed down from generation to generation, from father to child, reflecting the national identity of a nomadic country in the world.

Formation among future teachers of ideas about a high professional orientation as a specialist in national traditional art, high spiritual and ethnopedagogical culture, the role of applied art in the life of the people.

A number of traditional facets of the artistic creativity of the master Bibiazhar Simova, transmitting the heritage of our ancestors, grandparents, are revealed. The methods of using the texture of double-sided wool, woollen weave for the creation of a picture from wool, are disclosed. Methods of

creating a composition depicting the face of a painting that resemble the shape of an image in real life are considered. Depending on the length of the coat, the direction of waviness, the nature of the color, the methods of composition are determined. Rationally taking advantage of the similarity of the manifestations of natural figurative forms on the surface of the skin with the manifestations of forms in life, he discovered the idea of creation. A conceptual, narratological analysis of the artistic features of the leather panel has been made. These actions reflect the unity of the idea of spiritual revival through measuring the high level of creativity of the artist-master-modern technological innovation and the values of the national culture.

Keywords: national heritage, traditional art, textile art, decorative crafts, texture and color, ornaments, decorative decor.

Теруге 14.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,23 Mb RAM

Шартты баспа табағы 24,6.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Тапсырыс № 3976

Сдано в набор 14.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

3,23 Mb RAM

Усл.п.л. 24,6. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Заказ № 3976

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz